

Хаттама №3

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл бойынша семинар-кеңес

17.03.2026 жыл

Балпық би ауылы

Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Көксу аудандық орталық аураханасы» компаенс қызметі семинар кеңес өткізді;

Қатысқандар: әкімшілік персонал
Компаенс-офицер Нұржігітова С.Б.

Күн тәртібі:

1. Медициналық қызмет көрсету барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жедел қарастыру.
2. Пациенттерден түскен шағымдарды талдау.
3. Тәртіптік жауапкершілік мәселелері.

Бірінші мәселе бойынша компаенс-офицер Нұржігітова С.Б. соңғы уақытта медицина саласында орын алуы мүмкін сыбайлас жемқорлық тәуекелдері туралы баяндады.

Әсіресе пациенттерден заңсыз алымдар алу, қызмет көрсетуді әдейі созу фактілеріне жол бермеу қажеттігі айтылды.

Екінші мәселе директордың мед көмектің сапасын бақылау жөніндегі орынбасары Ә.Б.Құлдыбай пациенттерден түскен арыз-шағымдарға талдау жүргізді.

Кейбір жағдайларда қызмет көрсету сапасына байланысты наразылықтар тіркелгені айтылды.

Үшінші мәселе бойынша, тәртіптік жауапкершілік мәселесі қаралды.

Қызметтік міндеттерді тиісінше орындамаған қызметкерлерге қатысты шара қолдану қажеттігі атап өтілді.

Қаулы етілді:

1. Медициналық қызмет көрсету барысында заңсыз әрекеттерге жол бермеу қатаң бақылауға алынсын.
2. Пациенттердің арыз-шағымдары уақтылы қаралып, тиісті шаралар қабылдансын.
3. Қызметкерлердің жауапкершілігі күшейтілсін.
4. Әр бөлімде бақылау жүргізетін жауапты тұлғалар бекітілсін.

Компаенс-офицер Нұржігітова С.Б.

